

2010 жылға халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 27 мамырдағы № А-5/132 қаулысы. Ақмола облысы Жарқайың ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 21 маусымда № 1-12-128 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 14 желтоқсандағы № А-12/473 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 2010.12.14 № А-12/473 қаулысымен

«Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5, 7 баптарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 23 қаңтарындағы Заңының 31 бабына сәйкес
аудан әкімдігі Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. 2010 жылға халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесі белгіленсін:

- 1) 21 жастан 24 жасқа дейінгі жастар;
- 2) ұзақ уақыт жұмыс істемеген (бір жылдан көп) азаматтар;
- 3) м и г р а н т т а р ;
- 4) 2009 жылы Жол картасы аясындағы инвестициялық жобасынан босатылған ж ұ м ы с с ы з д а р ;

5) жоғары, техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің бітірушілері.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 2010.07.08 № А-7/188 (қолданысқа енгізу тәртібін 3-тармақтан қ а р а ң ы з) қ а у л ы с ы м е н

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары
Ұ . А . А х м е т о в а ғ а жүктелсін.

3. Осы қаулы Жарқайың ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жарқайың ауданының әкімі

А.Қалжанов

